

«Аяла» Жеке Қайырымдылық Қоры

Түсімдер мен шығыстар туралы есеп және
2024 жылға арналған Тәуелсіз аудиторлардың
аудиторлық есебі

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	3
Түсімдер мен шығыстар туралы есеп	6
Түсімдер мен шығыстар туралы есепке ескертпелер	
1 Қор және оның негізгі қызметі	7
2 Есепті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі қағидаттары	7
3 Жарналар	9
4 Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар	10
5 Жалпы және әкімшілік шығыстар	12
6 Басқа операциялық табыстар/(шығыстар), нетто	12



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Аяла» Жеке Қайырымдылық Қорының басшылығына

Пікір

Біз 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы аяқталған жылдағы түсімдер мен шығыстар туралы есеп, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Аяла» Жеке Қайырымдылық Қорының (әрі қарай, «Қор») түсімдер мен шығыстар туралы есебіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса тіркеліп отырған Қордың түсімдер мен шығыстар туралы есебі барлық елеулі қатынастарда түсімдер мен шығыстар туралы есептің 2 ескертпесінде көрсетілген Қордың Қамқоршылық кеңесі бекіткен есеп саясатының негізгі ережелеріне сәйкес әзірленген.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі біздің есебіміздің «Түсімдер мен шығыстар туралы есеп аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің түсімдер мен шығыстар туралы есеп аудитімізге Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз, және біз аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес өзге де әдептілік міндеттемелерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Аса мән берілетін тарау— есепке алудың негізгі қағидаттары және пайдалану мен тарату бойынша шектеу

Біз есепті дайындау негізі және есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары баяндалған түсімдер мен шығыстар туралы есептің 2 ескертпесіне көңіл аударамыз. Түсімдер мен шығыстар туралы есеп Қордың жалпы түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты ашу мақсатында дайындалған. Тиісінше, осы түсімдер мен шығыстар туралы есеп басқа мақсаттар үшін қолданылмайтын болуы мүмкін. Біздің аудиторлық есебіміз тек Қор басшылығы мен Қатысушыларына, сондай-ақ Қор демеушілеріне ғана арналған және ол басқа тараппен пайдаланылмауы немесе аталған тараптардан басқа кез келген тарапқа табысталмауы тиіс. Біздің пікіріміз аталған жағдайға қатысты модификацияланбаған.

Түсімдер мен шығыстар туралы есеп үшін Қор басшылығының және басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық түсімдер мен шығыстар туралы есептің 2-ескертпеде көрсетілген Қордың Қамқоршылық кеңесі бекіткен есеп саясатына сәйкес түсімдер мен шығыстар есептің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған түсімдер мен шығыстар туралы есепті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Түсімдер мен шығыстар туралы есепті дайындауда басшылық Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Қорды жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Қордың түсімдер мен шығыстар туралы есепті дайындауды қадағалауға жауапты.

Түсімдер мен шығыстар туралы есеп аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз - түсімдер мен шығыстар туралы есептің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы түсімдер мен шығыстар турал есеп негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Аудиттің халықаралық сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан түсімдер мен шығыстар турал есептің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;



— басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біздің аудиторлардың есебінде түсімдер мен шығыстар туралы есептегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат лайықсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Қордың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.


Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Байгонгиров Ж.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитори
2020 жылдың 21 тамызында берілген
№ МФ-0001156 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021




Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2025 жылдың 16 қыркүйегі

«АЯЛА» ЖЕКЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ
2024 жылға арналған түсімдер мен шығыстар туралы есепке ескертпелер

<i>Мың теңгеде</i>	Ескерт.	2024 ж.	2023 ж.
Жарналар	3	2,112,465	515,388
Шығыс:			
Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар	4	(2,069,132)	(520,100)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	5	(70,355)	(60,381)
Басқа операциялық кіріс, нетто	6	22,998	10,081
Шығыстар жиыны		(2,116,489)	(570,400)
Табыс салығы бойынша шығыс		-	-
Жарналардың шығыстардан тапшылығы		(4,024)	(55,012)

Кірістер мен шығыстар туралы есепті басшылық 2025 жылдың 16 қыркүйегінде бекітті және басшылық атынан кол қойғандар:


А. Т. Сүлейменова
Президент



Қормен ескерілмеген
Бас бухгалтер

1 Қор және оның негізгі қызметі

«Аяла» Жеке Қайырымдылық Қоры (бұдан әрі – «Қор») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2007 жылы құрылған. Қор үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың миссиясы – Қазақстан Республикасында қайырымдылық мәдениеті мен дәстүрін тәрбиелеу. Қызметтің негізгі бағыттары болып балалар мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелеріне көмек көрсету табылады.

Қордың құрылтайшысы – Айдан Түлеутайқызы Сүлейменова. 2024 және 2023 жылдар ішіндегі Қор қызметкерлерінің саны: 8 адам (8 адам) және еріктілер саны: 8 адам (8 адам).

Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, т.б. 9а.

2 Есепті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі қағидаттары

Есепті дайындау негізі

Осы түсімдер мен шығыстар туралы есеп (бұдан әрі — «Есеп») Қордың Қамқоршылық кеңесі бекіткен есеп саясатының қағидаттарына сәйкес жасалған және төменде көрсетілген.

Есеп Қордың 2024 жылдағы жалпы түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты ашу мақсатында дайындалған. Бұл Есепті кез келген басқа мақсатта пайдалануға болмайды; Есеп сондай-ақ 2024 және 2023 жылдарының 31 желтоқсанындағы аяқталған жылдардағы Қордың қаржылық жағдайы, таза активтеріндегі өзгерістер және ақшалай қаражат ағындары туралы ақпаратты қамтымайды.

а) Шетел валютасын қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және есепті ұсыну валютасы

Егер өзгеше көрсетілмесе, осы Есепте келтірілген барлық сандар мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») көрсетілген.

Функционалдық валюта болып Қор өз қызметін іске асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы табылады. Қордың функционалдық валютасы болып теңге табылады.

(ii) Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар операциялар жасалған күнгі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелген. Осы операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді жылдың аяғындағы айырбастау бағамы бойынша қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағамдық айырмадан түсетін пайда мен залал басқа операциялық кірістер мен шығыстар құрамында қамтылып көрсетіледі.

б) Жарналар

Жарналар заңды және жеке тұлғалардың ақшалай жарналары мен заттай нысандағы жарналарынан тұрады. Жарналар төрт негізгі түрге бөлінеді — белгілі демеушілік жарналар, жалпы сипаттағы жарналар, қайырымалдық пен гранттар.

(i) Белгілі демеушілік жарналар

Белгілі демеушілік жарналар нақты жобаға қатысты белгілі бір тауарлар мен қызметтерді сатып алуға демеушілік студен тұрады. Жарналар жобаның және жұмсау мақсатының көрсетуімен, шарттар жасау арқылы ғана беріледі. Белгілі демеушілік жарналар демеушілерден қаражатты нақты аудару кезінде есепке алынады және бекітілген жобалар аясында пайдаланылады. Нақты жобаларға қатысты осы жарналардың пайдаланылмаған бөлігі туындаса, ол қайтарылуы мүмкін, бұл ретте жарналардың сомасы келісімшарт талаптарына сәйкес түзетіліп тұруы мүмкін.

(ii) Жалпы сипаттағы жарналар

Жалпы сипаттағы жарналар – бұл жоба мен жұмсау мақсатының айқын көрсетуімен, шарттар бойынша заңды және жеке тұлғалардан түсетін аударымдар. Жалпы сипаттағы жарналар қаражатты демеушілерден нақты алған кезде есепке алынады, және Қордың миссиясы шеңберінде Қор жобаларын қаржыландыруға, сондай-ақ жалпы және өкімшілік шығыстарды қаржыландыруға пайдаланылады.

(iii) Қайырымалдықтар

Қайырымалдықтар – бұл кешенді көмек көрсету үшін алынған жарналар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардан алынған ерікті аударымдар. Олар Қордың шотына нақты ақша аударған немесе бокстардан қолма-қол ақшаны жинап алған кезде есепке алынады.

(iv) Гранттар

Грант – бұл мақсатты пайдаланылуы есеппен расталатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға жұмсау үшін онлайн-портал арқылы резидент/бейрезидент заңды тұлғалардан алынған Қорға ақшалай немесе заттай нысандағы өтеусіз субсидия. Олар қаражатты нақты алған кезде есепке алынады және өтеусіз қарыз туралы келісімдерде көрсетілген жобаларды қаржыландыру үшін пайдаланылады.

(v) Заттай түрдегі тауарлар мен қызметтер

Заттай түрдегі тауарлар мен қызметтер тауарлар мен қызметтер алынған күні танылады және демеуші көрсеткен күн бойынша түсімдер мен шығыстар туралы есепте жарналар ретінде қамтылып көрсетіледі. Мұндай тауарлар мен қызметтер алушыға демеушілік көмекті заңды түрде берген кезде Қордың негізгі қызметі бойынша жұмсалған шығыстар ретінде танылады.

в) Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар және жалпы әкімшілік шығыстар

Шығыстар орындалған қызметтерді/берілген тауарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде Қор, жеткізуші және демеушілік көмекті алушы арасындағы шарттық міндеттемелерге сүйене отырып, олар жатқызылған есепті кезеңде қызметтерді алу, медициналық мекемелерге жабдықты беру фактісі бойынша танылады. Пайдаланылмаған ақшалай қаражат Қордың банк шоттарында немесе кассасында жинақталады.

Заттай түрде берілген тауарлар мен қызметтер қабылдау-тапсыру актісіне негізделі, құжаттарда көрсетілген күн бойынша кезең шығындары ретінде танылады. Мұндай тауарларға әдетте электронды жабдық пен білім беру кітаптары кіреді.

г) Еңбекке ақы төлеу шығыстары және байланысты аударымдар

Жалақыға жұмсалатын шығыстар, зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалыстары мен сырқаттану парақтары, ақшалай емес жеңілдіктер Қор жұмыскерлері тиісті жұмысты орындап жатқан жыл үшін есептеледі. Қор өз жұмыскерлерінің атынан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен ескерілген зейнетақы жарналары мен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлейді. Мұндай төлемдер олар пайда болысымен шығыстарға жатқызылады. Жұмыскер зейнетке шыққан кезде Қордың қаржылық міндеттемелері тоқтатылады, ал зейнетке шыққан жұмыскерлерге кейінгі барлық төлемдер Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қорымен реттеледі. Қордың еріктілері Қордан жалақыны немесе өзге де өтемақы төлемдерін алмайды. Жалақыға жұмсалатын шығыстар қор құрылтайшысының жарналары есебінен қаржыландырылады.

д) Өзге операциялық кірістер мен шығыстар

Өзге операциялық кірістер мен шығыстар операциялар мен шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтері мен міндеттемелерінің қалдықтары бойынша бағамдық айырмаларды, сондай-ақ депозиттерге орналастырылған пайдаланылмаған ақшалай қаражат бойынша пайыздық кірістерді қамтиды. Басқа кірістер бойынша түсімдер Қордың миссиясы шеңберінде Қор жобаларын қаржыландыруға, сондай-ақ жалпы және әкімшілік шығыстарды қаржыландыру үшін пайдаланылады. Бағамдық айырмадан пайда болған залалдар жалпы сипаттағы жарналар есебінен өтеледі.

е) Негізгі құралдар

(i) Танылуы және бағалануы

Негізгі құралдар жинақталған тозуын шегергендегі өзіндік құны бойынша бағаланады. Негізгі құралдың өзіндік құны саудалық жеңілдіктердің шегерілуімен активтің сатып алу бағасынан, импорттық баждардан және салықтардан (өтелетіндерді қоспағанда) тұрады. Активті қажетті орынға жеткізуге және оны пайдалану үшін қажетті күйге келтіруге жұмсалған шығындар, соның ішінде активтің құрылысымен немесе сатып алынумен тікелей байланысты жұмыскерлерге сыйақы төлеуге жұмсалған шығындар активтің өзіндік құнына қосылмайды және активтің құнына қосылмайды және олар шегілген кезеңдегі шығыстар ретінде танылады.

Өндіру, құрылыс мерзімі бір жылдан аз болатын дербес құрылған негізгі құралдарды бастапқы бағалау сатып алуғағдай қағидаттар негізінде айқындалады, және негізгі құралдарының өндірісіне жұмсалған шикізат пен материалдарды сатып алу бағасын, импорттық баждарды, салықтарды (өтелетіндерді қоспағанда) қамтиды.

Негізгі құралдарды басқа активке айырбасқа сатып алған кезде алынған объектінің нақты құны төленген ақшалай қаражаттың немесе оның баламаларының сомасына түзетілген берілген активтің теңгерімдік құнына тең деп қабылданады.

(ii) Амортизация

Негізгі құралдардың құны амортизациялық аударымдар арқылы оның пайдалы қызмет мерзімі ішінде жүйелі түрде шығыстарға шығарылып тұрады. Әрбір кезең үшін амортизациялық аударымдар шығыс ретінде танылады. Негізгі құралдардың амортизациясы актив пайдалану үшін қолжетімді болған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап есептеледі, және ол есептен шығарылғанға дейін, және егер актив белгілі бір уақыт ішінде іске қосылмаған болған жағдайда, есептеле береді.

Қағида бойынша, негізгі құрал объектісінің әр компоненті оның күтілетін пайдалы қолдану мерзімі ішінде сызықтық әдіспен амортизацияланады, себебі дәл осы әдіс активте тұжырымдалған келешек экономикалық пайдадан күтілетін тұтыну сипатын анағұрлым анық көрсетеді және амортизация аударымдары кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына қосылады.

Есепті және салыстырмалы кезеңдерде негізгі құралдарды пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімдері келесідегідей болды:

• Компьютерлер	4 жыл;
• Көшіру және көбейту жабдықтары (принтерлер, көшіру машиналары, факс машиналары)	5 жыл;
• Жиһаз	6-7 жыл;
• Басқа негізгі қорлар	6-7 жыл.

Негізгі құралдардың күтілетін пайдалы қызмет мерзімі мен қалдық құны мерзімді түрде қайта қаралып тұрады. Егер кейінгі есептеулер алдыңғы есептеулерден айтарлықтай ерекшеленетін болса, онда ағымдағы және болашақ кезеңдердің амортизациялық аударымдары түзетіледі.

ж) Тауарлық-материалдық қорлар

Қорлар – бұл қалыпты қызмет барысында пайдалануға арналған немесе өндірістік үдерісте немесе қызметтерді көрсетуде пайдалануға арналған шикізат пен материалдар түріндегі активтер.

Қаржылық есепте қорлар өзіндік құны бойынша қамтылып көрсетіледі. Қорлардың өзіндік құны сатып алу бағасынан, импорттық баждардан, салықтардан (өтелетіндерді қоспағанда) тұрады. Саудалық жеңілдіктер, төлемдерді қайтарулар және өзге ұқсас баптар шығындарды анықтау кезінде шегеріледі.

з) Салықтар

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Қор коммерциялық емес ұйым болғандықтан, Қордың жарналары корпоративтік табыс салығын төлеуден толығымен босатылады.

3 Жарналар

Мың теңгеде	2024 ж.	2023 ж.
Белгілі демеушілік жарналар	1,326,751	292,083
Қайырмалдықтар	79,905	149,826
Жалпы сипаттағы жарналар	705,809	73,479
Жарналар жиыны	2,112,465	515,388

2024 жыл ішінде Қор келесі заңды тұлғалардан демеушілік көмек алды: «Шеврон Мұнайгаз Инк», «Samsung Electronics Central Eurasia» ЖШС («Самсунг Электроникс Орталық Еуразия» ЖШС), «Бірінші болу батылдығы» корпоративтік қоры, «Turion Investment Group LLP» ЖШС, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Орика-Қазақстан» АҚ, «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС, «KZF Service» ЖШС, «Востокцветмет» ЖШС, «Детский мир-Қазақстан» ЖШС, «СЖС Қазақстан ЛТД» Шетелдік кәсіпорны ЖШС, «Premium Lux» ЖШС, Қазақстан Республикасындағы «ИНПЕКС Норт Каспиан Си, Лтд.» филиалы, «Бакстер АГ», «Astana Hotel Management» ЖШС, ТОО «Кайнар – АКБ», Herbalife Family Foundation, Темирлан Арман және басқалар.

2023 жыл ішінде Қор келесі заңды тұлғалардан демеушілік көмек алып тұрған: «Aldar Eurasia Hospitality» ЖШС, «Astana Hotel Management» ЖШС, «BG Event Managment» ЖШС, «Turion Investment Group» ЖШС, «Samsung Electronics Central Eurasia» ЖШС («Самсунг Электроникс Орталық Еуразия» ЖШС), «САТР Орталығы» ЖШС, «Шеврон Мұнайгаз Инк», «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және басқалар.

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Bereke Bank» АҚ, «Alatau City Bank» АҚ және «ForteBank» АҚ банктеріндегі есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының қалдығы 19,667 мың теңгені құрады және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы мерзімді депозиттердегі қалдық 52,000 мың теңгені құрады. 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «ForteBank» АҚ банктеріндегі есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражатының қалдығы 41,701 мың теңгені құрады және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы мерзімді депозиттердегі қалдық 65,000 мың теңгені құрады.

Төменде 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес Қордың контрагент-банктерінің несиелік рейтингтері берілген:

Атауы	31 желтоқсан 2024 ж.	31 желтоқсан 2023 ж.
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	BBB-	BB+
«First Heartland Jusan Bank» АҚ («Alatau City Bank» АҚ)	BB	-
«ForteBank» АҚ	BB+	B
«Bereke Bank» АҚ	Рейтинг жоқ	-

4 Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар

Мың теңгеде	2024 ж.
Медицина:	
Алматы қ. Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында витреоретиналдық хирургияны жүргізуге арналған «Costellation Vision» офтальмологиялық хирургиялық жүйесі	67,500
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының Ұрықты қорғау орталығына зертханалық жабдық	57,800
Атырау облыстық перинаталдық орталығына неонаталдық офтальмологияға арналған ретиналды камера және басқа да жабдықтар	28,400
«Жаңа туған нәрестелерге ең жақсы күтім – негіздерге оралу» неонатология бойынша ғылыми-практикалық конференциясын өткізу	27,959
Ақтау қ. Облыстық перинаталдық орталығына ретиналды камера	26,727
Шымкент қ. Қалалық перинаталдық орталығына ретиналды камера	26,704
Ақтөбе облыстық перинаталдық орталығына ретиналды камера	26,649
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына арналған ретиналды камера	26,639
Қазақстан Республикасының ақушерлік іс мамандарының «Аялы алақан» I Халықаралық конгресін өткізу	16,828
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына арналған хирургиялық лазерлік диодты аппарат	11,680
Үндістанның Нью-Дели қ. «Sight Avenue» клиникасында Алматы қаласының 3 балалар офтальмологын «Витреоретиналдық хирургия» курсы бойынша оқыту	9,579
Алматы қ. Перинаталдық орталығының пациенттеріне арналған «Луцентис» препараты	5,316
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының Ұрықты қорғау орталығына арналған препараттарды денатурациялау жүйесі	5,100
Семей қ. Облыстық перинаталдық орталығының пациенттеріне арналған офтальмоскоп және «Луцентис» препараты	4,488
Алматы қ. Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында лазерлік хирургияны жүргізуге арналған «Costellation Vision» хирургиялық жүйесіне офтальмоскоп	4,300
Екатеринбург қ. РФ ДСМ «Орал АЖКҒЗИ» ФМБМ базасында феталды хирургтар бригадасын оқыту	3,672
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында катетерлерді орнату бойынша цикл өткізу	3,259
Шақырылған дәрігер Кирилл Витальевич Костюковтың (Мәскеу қ.) қатысуымен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында феталды хирургия бойынша мастер-класс өткізу	2,526
Шақырылған дәрігерлер Наталья Владимировна Косовцованың (Екатеринбург қ.) және Андрей Евгеньевич Бугеренконың (Мәскеу қ.) қатысуымен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында феталды хирургия бойынша мастер-класс өткізу	2,141
Атырау облыстық перинаталдық орталығының пациенттеріне арналған «Луцентис» препараты	2,126
Өскемен қ. Облыстық перинаталдық орталығына неонаталдық офтальмологияға арналған офтальмоскоп және басқа жабдықтар	2,098
«Онлайн академия AYALA» платформасын техникалық қолдау	2,098
Феталды хирургия мәселелері бойынша тәжірибе алмасу үшін Минск қ., Беларусь, «Ана мен бала» республикалық ғылыми-практикалық орталығына сапар	1,960
Атырау облыстық перинаталдық орталығына билирубинометрлер	1,840
Шақырылған дәрігер Максим Владимирович Белуганың (Минск қ.) қатысуымен Астана қ. УМС Ана мен бала орталығының базасында феталды хирургия бойынша мастер-класс өткізу	1,759
Шақырылған дәрігер Максим Владимирович Белуганың (Минск қ.) қатысуымен Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында феталды хирургия бойынша мастер-класс өткізу	1,755
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында феталды операцияларды жүргізуге арналған шығыс материалдары	1,710
Түркістан облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,687
Қостанай облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,462
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында «Пренаталды диагностика» тақырыбы бойынша лектор Михайловтың мастер-класын ұйымдастыру	1,457
Абу-Дабидегі Феталды медицина жөніндегі конгреске Астана қ. УМС Ана мен бала орталығы дәрігерінің қатысуы	1,457
Ақмола облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,406
Батыс Қазақстан облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,406
Шақырылған дәрігер Наталья Владимировна Косовцованың (Екатеринбург қ.) қатысуымен Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында феталды хирургия бойынша мастер-класс өткізу	1,391
Ақтөбе облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,293
Ақтөбе облыстық перинаталдық орталығының пациенттеріне арналған «Луцентис» препараты	1,240
Алматы қ. «Ана мен бала» конференциясына қатысу	1,200
Алматы қ. №2 Перинаталдық орталығына фототерапия шамы	1,120
Алматы облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,069
Павлодар облысының босандыру мекемелеріне арналған есеңгіреуге қарсы костюмдер	1,012
Алматы қ. «Ана мен бала» конференциясына қатысу	1,000
Медицина бойынша өзге жобалар	16,120

Мың теңгеде	2024 ж.
Білім:	
«Solve for tomorrow» республикалық әлеуметтік жобалар байқауы	52,347
«Samsung Innovation Campus» ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша жаһандық білім беру бағдарламасы	51,381
Қарағанды қ. №3 арнайы мектеп-интернатына аудиосынып	9,887
Теміртау қ. SOS балалар ауылының тәрбиеленушілеріне арналған ноутбуктер	7,996
«Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған тігін ісі үйірмесі, 2023 жылғы жоба	6,576
Қарағанды қ. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған мейрамханалық және кондитерлік үйірмесі	4,784
Балалар әлемінен сыйға алынған балалар тауарларын мекемелерге тапсыру	2,412
«Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған тігін ісі үйірмесі, 2024 жылғы жоба	1,615
«Самсунг Кодинг лаб» жобасы бойынша қалған техниканы «Transformation» ҚҚ-ға тапсыру	1,124
Білім беру бойынша өзге жобалар	1,255
Табиғи апаттар кезіндегі көмек:	
Су тасқынынан зардап шегіп, баспанасыз қалған отбасылар үшін Қостанай облысындағы 77 пәтер	1,517,911
Тұрмыстық техникаға сертификаттар	4,125
Қостанай облысы Алтынсарин ауылындағы мектепке арналған акустикалық жүйе, проектор, орындықтар мен кеңсе тауарлары	786
Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар жиыны	2,069,132

Мың теңгеде	2023 ж.
Медицина:	
Астана қ. ҚР Ұлттық Ана мен Бала Ғылыми Орталығында ретиналды камера және офтальмоскоп	77,960
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының Ұрықты қорғау орталығына зертханалық жабдық	32,235
Алматы қ. Неонаталдық медбикелердің 1-ші халықаралық форумын ұйымдастыру	31,370
№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығына ретиналды камера	26,650
Ақмола облыстық көпсалалы ауруханасына ретиналды камера	26,622
Қостанай қ. Облыстық ауруханасына ретиналды камера	24,770
Семей қ. Облыстық перинаталдық орталығына ретиналды камера	24,710
Қарағанды облыстық клиникалық ауруханасына ретиналды камера	24,664
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына фетоскоптар жиынтығы	17,709
Астана қ. Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығына лазер	17,397
Офтальмологтарға арналған «Тұқым қуалаумен шартталған көз аурулары» онлайн курсы	12,227
УДЗ мамандарына арналған «Ұрықтың нейросонографиясы» онлайн курсы	9,350
Неонатологтарға арналған «Жаңа туылған нәрестелердің сарғаюы» онлайн курсы	7,250
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы дәрігерлерінің Дүниежүзілік феталдық хирургия конгресіне қатысуы	5,876
Офтальмологтарға арналған «Шала туылған нәрестелердің ретинопатиясы» онлайн курсы	5,703
Астана қ. №2 Облыстық көпбейінді ауруханасына жансақтау үстелі	4,000
Лектор Виктор Евсеевич Радзинскийдің Алматы қ. «Акушерлік тәжірибедегі кезек күттірмейтін күйлер» конференциясына қатысуы	3,502
ҚР перинаталдық өлім-жітімнің құпия аудитінің онлайн сессиялары	3,400
Қазақстанның неонаталдық медбикелерінің онлайн журнал клубы	3,400
Екатеринбург қ. РФ Денсаулық сақтау министрлігінің «Орал ҒЗИ Ана мен Баланы Қорғау» ФМБМ базасында феталдық хирургтарының бригадасын оқыту	3,272
Дәріскер Михайловтың Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы және Шымкент қ. Перинаталдық орталық базасында «Пренаталдық диагностика» тақырыбындағы шеберлік сабақтарын ұйымдастыру	2,082
Дәріскерлер Блинов пен Косовцованың Астана қ. Пренаталдық медицина мамандарының I халықаралық конгресіне қатысуы	2,060
Алматы көпбейінді клиникалық ауруханасына офтальмоскоп	1,820
Қарағанды қ. Облыстық клиникалық ауруханасына Луцентис препараты	1,785
Астана қ. ҚР Ұлттық Ана мен Бала Ғылыми Орталығы мен Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы дәрігерлерінің Беларусьте, Минск қ. халықаралық қатысуымен өткен «Демографиялық қауіпсіздік проблемаларын шешудегі заманауи перинаталдық медициналық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуы	1,739
«AYALA онлайн академиясы» платформасына техникалық қолдау көрсету	1,721
Астана Қалалық перинаталдық орталығына офтальмоскоп	1,681
Алматы қ. Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы акушер-гинекологтарының Санкт-Петербург қ. «Ана мен бала» атты XVI аймақтық ғылыми-білім беру форумына сапары	1,431
Екатеринбург қ. РФ Денсаулық сақтау министрлігінің «Орал ҒЗИ Ана мен Баланы Қорғау» ФМБМ-ға феталдық медицинаның тәжірибесін зерттеу мақсатындағы сапар	1,428
Пусан Ұлттық университетінің госпиталінде Павлодар қ. медициналық мекемелердің балалар офтальмологы мен ортопедінің тағылымдамасы	1,185
Медицина бойынша өзге жобалар	7,938

<i>Мың теңгеде</i>	2023 ж.
Білім:	
«Solve for tomorrow» республикалық әлеуметтік жобалар байқауы	43,564
Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бойынша «Samsung Innovation Campus» ғаламдық білім беру бағдарламасы	43,356
Мектеп оқушылары мен студенттерге арналған «Samsung Innovation Campus Hackathon» әлеуметтік білім беру жарыстық жобасы	40,225
Алматы қаласындағы Р.И. Огневой атындағы саябақта сенбілік	2,184
«Игілік жіптері» үйірмесіне арналған тігін машиналары	1,363
Сурет байқауының жеңімпаздарына сыйлықтар	999
Есік интернатындағы гүл өсірушілік кабинеті	569
Алматы қ. сөйлеу қабілеті өте нашар балаларға арналған №9 Арнайы (түзету) мектеп-интернатының тәрбиеленушілеріне жаңа жылдық сыйлықтар	524
Қарағанды қ. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған мейрамханалық және кондитерлік үйірмесі	253
«Таңшолпан» өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне арналған тігін үйірмесі	126
Қордың негізгі қызметі бойынша шығыстар жиыны	520,100

Осы кезеңдерде танылған шығыстар медициналық мекемелер мен интернаттарға медициналық жабдық пен әртүрлі ТМҚ-ны беруді және әртүрлі іс-шараларды, соның ішінде дәрігерлерге арналған семинарларды ұйымдастыруға арналған шығыстарды білдіреді. Сондай-ақ Қордың 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша теңгерімінде медициналық жабдықты сатып алу үшін 90,829 мың теңге сомасындағы жеткізушілерге алдын ала төлемдері бар (31 желтоқсан 2023 ж.: 71,754 мың теңге) құрады. Жеткізушілерден жүкқұжаттарды алғаннан кейін және Медициналық мекемелерге жабдықты жеткізгеннен кейін бұл алдын ала төлемдер шығындарға жатқызылатын болады. 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тауарлар қалдығы заттай түрде 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы 36,655 мың теңгемен салыстырғанда 33,816 мың теңгені құрады.

2024 жыл ішінде Қор ҚР медициналық мекемелеріне жаңа туған нәрестелердегі түрлі патологиялық жағдайларды диагностикалауға және емдеуге арналған заманауи медициналық жабдықты, соның ішінде: ретиналды камераларды, фетоскоптар жиынтығын, фототерапия шамдарын, офтальмоскопты, лазерлерді, катетерлерді және т.б. сатып алып, тапсырды. Сондай-ақ Балалар үйлеріндегі және басқа да мекемелердегі түрлі дамыту бөлмелері жабдықталды.

2024 жылы Қор шығыстарының едәуір бөлігі 2024 жылы Қазақстан Республикасының батысында болған ауқымды су тасқынының салдарын қоса алғанда, табиғи апаттардан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге бағытталды. Осы қолдау аясында тұрғын үй сатып алуды қаржыландыру жүзеге асырылды.

5 Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Мың теңгеде</i>	2024 ж.	2023 ж.
Жалақы*	39,820	38,967
Аудитке жұмсалған шығыстар	8,400	7,504
Жарнамаға жұмсалған шығыстар	6,736	5,751
Қордың әлеуметтік желілері мен сайтын ілгерілетуге жұмсалған шығыстар	3,426	3,726
Кеңсені жалдау	1,306	1,266
Қордың шығыстары	1,268	676
Полиграфия	1,055	424
Банк қызметтеріне ақы төлеу	952	802
Өзге	7,392	1,265
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны	70,355	60,381

6 Басқа операциялық табыстар/(шығыстар), нетто

<i>Мың теңгеде</i>	2024 ж.	2023 ж.
Конференцияны өткізу бойынша кірістер	11,000	-
Банктердегі депозиттер бойынша сыйақылардан түскен кірістер	9,041	10,610
Бағамдық айырма бойынша кірістер/(шығыстар)	3,133	(529)
Өзге шығындар	(176)	-
Басқа операциялық кірістердің барлығы, нетто	22,998	10,081